



10.05.16Ж

Психологиялық ахуал: «Керемет бақ»

- Қазір барлығымызда көзімізді жұмамыз.
- Бақта келе жатырмын деп сезініңіз.
- Алдыңызда әдемі сізге ұнаған гүлдер жайқалып тұр деп ойлаңыз.
- Көзімізді ашамыз ойлаған гүлімізді салып оны орналастырамыз.

№1 тапсырма: Тест жұмысы.

(5-сұрақ)

1. Карбон қышқылдарының функционалдық тобы:
А) гидроксил; В) карбонил; С) карбоксил; Д) амин тобы.
2. Қалақай мен шырша жапырақтарында болатын тиген жерін дуылдатып күйдіретін зат:
А) май қынышылы; В) лимон қышқылы; С) сірке қышқылы;
Д) күмырсқа қышқылы.
3. Зат алмасу процесінің нәтижесінде бір тәулікте адам организмінде 400 г-ға дейін түзілетін қышқыл:
А) күмырсқа қышқылы; В) сірке қышқылы; С) пропион қышқылы; Д) бутан қышқылы.
4. Халықаралық атау жүйесі бойынша сірке қышқылының аталуы:
А) метан қышқылы; В) этан қышқылы; С) пропан қышқылы;
Д) бутан қынщылы.
5. Молекуласында 4 көміртек атомы болатын карбон қышқылының салыстырмалы молекулалық массасы:
А)60; В)74; С) 88; Д) 102.

Жауаптары

Бағалау критерий

1. С) карбоксил

2. Д) күмырсқа
қышқылы

3. В) сірке
қышқылы

4. В) этан
қышқылы

5. С) 88

5 сұрақ – 5 ұпай
4 сұрақ – 4 ұпай
3 сұрақ – 3 ұпай
2 сұрақ – 2 ұпай
1 сұрақ – 1 ұпай

№2 тапсырма:

Салыстырмалы молекулалық массалары: а) 74, ә) 60 болатын карбон қышқылдарының формулаларын құрастырыңдар.

Шешуі:



$$12n + 2n + 1 + 45 = 74$$

$$14n = 74 - 46 = 28$$

$$n = \frac{28}{14} = 2$$

$$Mr(C_2H_5COOH) = 24 + 5 + 12 + 32 + 1 = 74$$

Шешуі:



$$12n + 2n + 1 + 45 = 60$$


$$14n = 60 - 46 = 14$$

$$n = \frac{14}{14} = 1$$

$$Mr(CH_3COOH) = 12 + 3 + 12 + 32 + 1 = 60$$

№ 3 тапсырма:

Топтастыру стратегиясы:



**Күрделі эфирлер. Майлар.
Синтетикалық жуғыш заттар**



Ақ қалпақ

Ақ түс таза қағаз беті сияқты алалықсыз және объективті. Фактілер, ақпарат, сұрақтар негіз болады.

Қандай ақпаратымыз бар? Айтылған пікірді растайтын немесе жоққа шығаратын қандай фактілер бар? Қандай ақпарат қажет? Жетіспейтін ақпаратты қалай аламыз? Қандай сұрақтар қойып, жауап алуымыз керек?



Қызыл қалпақ

Қызыл түс ашуды, шиеленісті білдіреді. Қызыл қалпақта адамды эмоциялар, сезу, сезімдер билейді. Осыған байланысты менде қандай сезімдер туындайды?



Сары қалпақ

Сары түс – күн көзінің, тіршілік түсі. Сары қалпақтағы адам оптимизмге толы, ол артықшылықтарды іздестіреді. Не себептен осыны істеу керек? Артықшылықтары қандай? Бұл кім үшін пайдалы? Артықшылықтар қалай пайда болады? Осының пайдалы жақтары бар ма? Қандай жағдайларда бұл пайдалы болады?



Қара қалпақ

Қара түс – қараңғылық, қаһарлық, бір сөзбен айтқанда – суық. Қара қалпақта адам қауіптілік танытады. Бұл көмектеседі ме? Қандай қателер бар? Кемшіліктері қандай? Бұл идея жүзеге аса алады ма?



Жасыл қалпақ

Жасыл қалпақ – өсімдіктердің, молшылықтың, табыстылықтың түсі. Жаңа идеялар туындап, шығармашылық бастауын алады. Осы жағдайда не істей аламыз? Баламалы идеялар бар ма? – деген сұрақтар туындайды



Көк қалпақ


Көк қалпақ – аспан түсі. Ол ұйымдастыру және басқарумен байланысты. Неге қол жеткіздік? Болашақта не істеу керек?

№4 тапсырма:

Технолог

Дәрігер

Химик және физик



№5 тапсырма:
Сұрақ-жауап.

1. Күрделі эфирлер деп қандай заттарды айтамыз? Эфирлендіру реакциясы дегеніміз не?
2. Күрделі эфирлердің физикалық қасиеттеріне мысалдар келтіріп, айтып беріңдер.
3. Күрделі эфирлерге қандай реакциялар тән?
4. Майлар қандай процестер нәтижесінде алынады?
5. Қатты және сұйық майлардың құрамындағы айырмашылықтар қандай?
6. Майлардың қоректік зат ретіндегі маңызын айтып беріңдер.
7. "Майлар — шикізат" дегенді қалай түсінесіңдер?
8. Майлардың балқу температурасы не себепті тұрақты болмайды?

ІҮ. Бағалау:

Үйге тапсырма:
§ 48 №8, 9 есеп

Рефлексия әдісі «Өз сөзімнің дәлелі»

1. **Сабақта мен жұмыстандым**
себебі.....
2. **Маған сабақ.....**
3. **Сабақ бойы мен.....**
4. **Менің көңіл күйім.....**
5. **Сабақ материалдары мен үшін.....**